

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің 2026 жылғы 25 қыркүйекте
сырттай дауыс беру арқылы өтетін кезектен тыс жалпы жиналысында қарау
үшін акционерлерге арналған ақпарат**

**Күн тәртібінің № 1 мәселесі: ««Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің
кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы»**

Құрметті акционерлер,

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35, 36, 43 және 49-баптарына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі қалыптастырған («Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 21 тамыздағы сырттай отырысының № 47 хаттамасындағы 19 мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің шешімі) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің сырттай дауыс беру арқылы өтетін кезектен тыс жалпы жиналысының келесі күн тәртібін бекіту ұсынылады:

1. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.
2. Исламдық банк операцияларын жүзеге асыруға лицензия алу туралы.
3. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңесті құру туралы.
4. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің сандық құрамын айқындау туралы.
5. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің өкілеттік мерзімін айқындау туралы.
6. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес мүшелерін сайлау туралы.
7. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жарғысына толықтыруларды бекіту туралы.
8. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның 2026 жылғы 30 қыркүйекте аяқталатын тоғыз айдағы қызмет қорытындылары бойынша аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолу жүргізу, Банктің 2027–2028 жылдардағы тоқсандық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолу жасау және Банктің 2026–2028 жылдардағы қызмет қорытындылары бойынша қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау туралы.

Күн тәртібінің № 2 мәселесі: «Исламдық банк операцияларын жүзеге асыруға лицензия алу туралы»

Құрметті акционерлер,

Нарықтың жаңа сегменттерін дамыту, қаржылық өнімдер желісін кеңейту жөніндегі стратегиялық міндеттерді іске асыру шеңберінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) қосымша лицензия негізінде исламдық банк операцияларын жүргізе бастауды жоспарлап отыр.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 15 және 16-тармақтарына сәйкес, исламдық банк операцияларын жүзеге асыруға қосымша лицензия алу үшін уәкілетті органға өтініш беруге дейін Банк исламдық банк операцияларын жүзеге асыруға лицензия алу туралы акционерлердің жалпы жиналысының шешімін қабылдау қажет.

Банк үшін стратегиялық маңызы:

- клиенттік базаны кеңейту, исламдық қаржыландыру қағидаттары бойынша қаржыландыруға және ақшаны орналастыруға мүдделі бөлшек және корпоративтік клиенттерді тарту;
- дәстүрлі исламдық өнімдерді енгізу;
- бәсекелелік позицияларды нығайту, Қазақстанда исламдық қаржыландыру сегментін игеру.

Құрметті акционерлер! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі сіздерден исламдық банк операцияларын жүзеге асыруға лицензия алуды мақұлдауларыңызды сұрайды.

Күн тәртібінің № 3 мәселесі: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңесті құру туралы»

Құрметті акционерлер,

Исламдық банк операцияларын жүзеге асыруға лицензия алудың жоспарлануына байланысты және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңесті құру қажеттілігі туындап отыр.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағына сәйкес операциялардың және (немесе) мәмілелердің «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабында белгіленген қағидаттарға сәйкестігін анықтау үшін, Банктің Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңесі болуы міндетті.

Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес Банктің Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша Банк акционерлерінің жалпы жиналысы тағайындайтын тәуелсіз орган болып табылады.

Құрметті акционерлер! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес құруды ұсынады.

Күн тәртібінің № 4 мәселесі: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің сандық құрамын айқындау туралы»

Құрметті акционерлер,

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 28 сәуірде № 86 қаулысымен бекітілген Банктер және Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларының 153-тармағына сәйкес оның сандық құрамын айқындау қажет.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің сандық құрамын 3 (үш) адам санында айқындау ұсынылады.

Құрметті акционерлер! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің құрамын 3 (үш) адам санында айқындауды ұсынады, бұл «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуге мүмкіндік береді.

Күн тәртібінің № 5 мәселесі: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің өкілеттік мерзімін айқындау туралы»

Құрметті акционерлер!

Банктің тиісті операцияларды жүзеге асыруы кезінде исламдық қаржыландыру қағидаттарының сақталуына үздіксіз бақылауды қамтамасыз ету шеңберінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің өкілеттік мерзімін белгілеу қажет.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің өкілеттік мерзімін 1 (бір) жыл мерзімге белгілеу ұсынылады.

Құрметті акционерлер! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің өкілеттік мерзімін 1 (бір) жыл деп белгілеуді ұсынады.

Күн тәртібінің № 6 мәселесі: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес мүшелерін сайлау туралы»

Құрметті акционерлер!

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағына сәйкес, Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес мүшелерін сайлау мәселесін шешу Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатады.

Құрылатын органның жоғары біліктілігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ шарифат құқығы, ислам коммерциялық құқығы және исламдық қаржыландырудың халықаралық стандарттары (AAOIFI) саласында терең білімі бар әлеуетті үміткерлерді іздеу және іріктеу жөнінде жұмыстар жүргізді. Үміткерлер қатарына халықаралық исламдық қаржы институттарында практикалық жұмыс тәжірибесі мол бейрезиденттерді қоса алғанда, жоғары білікті сарапшылар кірді.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес мүшелері ретінде акционерлердің жалпы жиналысының қарауына келесі кандидатуралар ұсынылады:

- Aznan Hasan;
- Salim Al Ali;
- Aida Othman.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес мүшелеріне кандидаттар туралы ақпарат Сізге ұсынылған материалдарда көрсетілген.

Құрметті акционерлер! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес мүшелері ретінде келесі тұлғаларды: Aznan Hasan, Salim Al Ali, Aida Othman сайлауды ұсынады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес мүшелеріне
кандидаттар туралы мәліметтер

Азнан Хасан

1971 жылы туған, Малайзия азаматы

Білімі туралы мәліметтер:

1994 ж. – шариғат саласы бойынша бірінші дәреже, әл-Азһар университеті, Каир, Мысыр.

1998 ж. – шариғат ғылымдарының үздік магистрі (mumtaz), Каир университеті; диссертациясы жариялауға ұсынылды.

2003 ж. – философия докторы (PhD), Уэльс университеті, Лампетер (University of Wales, Lampeter), Ұлыбритания.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен үлестестігі туралы мәліметтер:

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның үлестес тұлғасы болып табылмайды.

Жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы, соның ішінде соңғы үш жылдағы мәліметтер:

Профессор, Исламдық банкинг және қаржы институты (PiBF), Малайзия Халықаралық ислам университеті (IUM).

Директорлар кеңесінің мүшесі, Maybank Islamic Berhad (Малайзия).

Шариғат комитетінің төрағасы, HSBC Global (БАӘ).

Шариғат кеңесі төрағасының орынбасары, Nizwa Bank (Оман).

Жоғарғы шариғат органының мүшесі, БАӘ Орталық банкі.

Шариғат кеңесінің мүшесі, AAOIFI (Бахрейн).

Шариғат кеңесінің мүшесі, Ислам даму банкі (IsDB), Джидда (Сауд Арабиясы).

Шариғат комитетінің мүшесі, AIA Takaful Berhad (Малайзия).

Шариғат кеңесінің төрағасы, ABSA Islamic Banking (OAP).

Шариғат кеңесінің төрағасы, FNB Islamic Banking (OAP).

Шариғаттық консультативтік кеңестің мүшесі, Исламдық қаржылық қызметтер кеңесі (IFSB).

Шариғат кеңесінің мүшесі, Халықаралық исламдық қаржы нарығы (IFM), Бахрейн.

Шариғаттық консультативтік кеңестің мүшесі, Халықаралық исламдық өтімділік нарығы (ILM).

Шариғаттық қадағалау кеңесінің мүшесі, Лабуан қаржылық қызметтер басқармасы (LFSA).

Жаһандық шариғаттық консультативтік кеңестің мүшесі, Standard Chartered Bank (БАӘ).

Шариғат комитетінің төрағасы, Bank Pembangunan Malaysia Berhad (Малайзия).

Шариғат кеңесінің мүшесі, IdealRatings.

Бұрын – Исламдық қаржы бойынша шариғат кеңесшілері қауымдастығының (ASAS) негізін қалаушысы және президенті; Малайзия Бағалы қағаздар комиссиясының

Шариғаттық консультативтік кеңесінің төрағасы (SC); Малайзияның орталық банкі

- Банк Негара Малайзияның Шариғаттық консультативтік кеңесінің мүшесі болып екі рет сайланды (2006-2008 және 2010-2013 жж.).

Ескерту: Кандидатура «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес мүшесі болып сайлануға ұсынылады.

Alim Al Ali

1985 жылы туған, БАӘ азаматы

Білімі туралы мәліметтер:

2011-2016 жж. – ислам қаржы құқығы саласы бойынша философия докторы (PhD), Лондон университеті (University of London), Ұлыбритания.

2008-2010 жж. – исламдық банкинг және қаржы саласы бойынша ғылым магистрі (MSc Islamic Banking and Finance), Малайзия Халықаралық ислам университеті (IIUM).

2003-2006 жж. – шариғат бакалавры (фикх және оның негіздері), Шарджа университеті (University of Sharjah), БАӘ.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен үлестестігі туралы мәліметтер:

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның үлестес тұлғасы болып табылмайды.

Жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы, соның ішінде соңғы үш жылдағы мәліметтер:

2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – шариғат және исламтану кафедрасының ассистент-профессоры, Құқық колледжі, БАӘ университеті (UAEU), Әл-Айн, БАӘ.

2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Шариғат стандарттары жөніндегі комитеттің төрағасы және атқарушы мүшесі (Chairman & Executive Member), First Abu Dhabi Bank (FAB), БАӘ.

2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Шариғат кеңесінің мүшесі, Abu Dhabi Commercial Bank (ADCB), БАӘ.

2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Шариғат кеңесінің мүшесі, HSBC Middle East.

2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Шариғат кеңесінің мүшесі, Emirates NBD.

Бұрын: 2013-2015 жж. – шақырылған оқытушы, BPP Law School, BPP University, Ұлыбритания; 2006-2016 жж. – оқытушы ассистенті, шариғат және исламтану кафедрасы, Құқық колледжі UAEU.

Ескерту: Кандидатура «Қазақстан Халық Банкі» АҚ исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес мүшесі болып сайлануға ұсынылады.

Aida Othman

1969 жылы туған, Малайзия азаматы

Білімі туралы мәліметтер:

Гарвард университеті – докторлықтан кейінгі стипендия, өнер және ғылымдар факультеті (Faculty of Arts & Sciences).

Гарвард университеті – салыстырмалы құқық және Таяу Шығыс зерттеулері (Comparative Law & Middle Eastern Studies) саласы бойынша философия докторы (PhD).

Кембридж университеті – құқық магистрі (LLM).

Малайзия Халықаралық ислам университеті (IIUM) – құқық бакалавры (LLB) және ислам құқығы (шариғат) бакалавры.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен үлестестігі туралы мәліметтер:

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның үлестес тұлғасы болып табылмайды.

Жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы, соның ішінде соңғы үш жылдағы мәліметтер:

2024 жылдың сәуірінен бастап қазіргі уақытқа дейін – басқарушы директор, ZICO Shariah Advisory Services Sdn Bhd, Куала-Лумпур, Малайзия.

2006 жылдың тамызынан 2024 жылдың тамызына дейін (18 жыл) – серіктес, Zaid Ibrahim & Co, Куала-Лумпур, Малайзия.

2007-2022 жж. – директор, ZICO Shariah Advisory Services Sdn Bhd.

Шариғат комитетінің мүшесі, Permodalan Nasional Berhad (PNB), Малайзия.

Шариғат комитетінің мүшесі, Yayasan Pembangunan Islam Malaysia (YAPEIM), Малайзия.

Шариғат комитетінің мүшесі, Hong Leong Islamic Bank, Малайзия.

Шариғат комитетінің мүшесі, Bank Simpanan Nasional, Малайзия.

Шариғат комитетінің мүшесі, AmMetLife Takaful, Малайзия.

Ескерту: Кандидатура «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес мүшесі болып сайлануға ұсынылады.

Күн тәртібінің № 7 мәселесі: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жарғысына толықтыруларды бекіту туралы»

Құрметті акционерлер!

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жарғысының 25-бабына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жарғысына толықтыруларды бекіту мәселесін қарау және шешім қабылдау «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) акционерлері жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатады.

Ұсынылған материалдарда Банк Жарғысына қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде енгізілетін өзгеріс жобасы бар.

Банктің қолданыстағы Жарғысының редакциясы Банктің корпоративтік веб-сайтында танысу үшін қолжетімді.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 5-тармағына сәйкес, Банк Жарғысына Банктің тұрақты жұмыс істейтін органы – исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің функциялары мен құру тәртібін сипаттау, сондай-ақ исламдық банк операцияларын жүзеге асыру мәселелері бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының және Банктің Директорлар кеңесінің құзыреттілігін бөлу бөлігінде толықтырулар енгізу ұсынылады.

Құрметті акционерлер! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Банктің Директорлар кеңесі Банк Жарғысына ұсынылған редакцияда толықтыруларды бекітуді және Банк Жарғысына енгізілетін толықтыруларға қол қою бойынша өкілеттікті Банк Басқармасының Төрағасы Умут Болатхановна Шаяхметоваға, ал ол болмаған жағдайда – Банк Басқармасы Төрағасының міндетін атқарушыға беруді ұсынады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЖАРҒЫСЫНА
ТОЛЫҚТЫРУЛАР

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімімен (2023 жылғы 25 мамырдағы № 48 хаттама) бекітілген «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жарғысына келесі толықтыру енгізілсін:

II тараудың 7-бабы келесі мазмұндағы 2–1-тармақпен толықтырылсын:

«2–1. Банк Қазақстан Республикасы уәкілетті органының лицензиясы болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген исламдық банк операцияларын жүзеге асыруға құқылы.»;

V-тарауда:

23-баптың 1-тармағы келесі мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) тәуелсіз орган – Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес;»;

25-баптың 1-тармағы келесі мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

«12-1) Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;»;

30-бапта:

2-тармағы келесі мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

«11-1) Банктің Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің қызметін реттейтін ішкі құжаттарын, соның ішінде ол туралы Ережені бекіту;»;

келесі мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

«9. Егер Директорлар кеңесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесі Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес мүшелерінің өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы мөлшері мен төлеу шарттарын және шығыстарды өтеуді айқындау туралы шешімдер қабылдайды.»;

келесі мазмұндағы 34-1-бабымен толықтырылсын:

«34-1-бап. Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес

1. Банктің Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңесі (бұдан әрі – ИҚҚК) Банктің тәуелсіз органы болып табылады.

2. ИҚҚК өз міндеттері мен функцияларын тек исламдық банк операциялары және (немесе) мәмілелеріне қатысты жүзеге асырады. Исламдық банк операцияларының нәтижесінде туындайтын міндеттемелер мен шығындар исламдық банк операциялары қағидаттарына сәйкес келмейтін активтер есебінен орындалмайды және (немесе) өтелмейді (жабылмайды).

3. ИҚҚК-ның функциялары:

1) исламдық банк операцияларының және (немесе) мәмілелерінің, өнімдер мен қызметтердің, ішкі құжаттардың, соның ішінде іскерлік мінез-құлық кодексінің

және тарифтік саясаттың исламдық банк операциялары қағидаттарына олардың енгізілуіне және жүзеге асырылуына дейін сәйкестігін қарау және қорытындылар шығару;

2) исламдық банк операцияларының және (немесе) мәмілелерінің, банктік өнімдер мен қызметтердің шарттарына енгізілген өзгерістердің исламдық банк операциялары қағидаттарына сәйкестігін қарау;

3) исламдық банк операциялары мен мәмілелерін жүзеге асыру кезінде исламдық банк операциялары қағидаттарының сақталуын бақылау;

4) исламдық қаржыландыру қағидаттары бойынша комплаенс-бақылау бөлімшесінің және исламдық қаржыландыру қағидаттары бойынша ішкі аудит бөлімшесінің қызметінің нәтижелерін қарау;

5) исламдық банк операциялары қағидаттарының анықталған бұзушылықтарын жою бойынша ұсынымдар дайындау;

6) исламдық банк операцияларына қатысты активтер мен міндеттемелерді Банктің басқа активтері мен міндеттемелерінен бөлек есепке алуды сақтау мақсатында Банктің ақпараттық технологияларының дамыған инфрақұрылымын қамтамасыз ету;

7) исламдық банк операцияларын жүзеге асыру мәселелері бойынша Банктің саясатын қалыптастыруға қатысу;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға қайшы келмейтін өзге де функциялар.

4. ИҚҚК-ны құру тәртібі мен құрамы:

1) ИҚҚК-ны Банктің Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы тағайындайды және кемінде үш мүшеден тұрады;

2) ИҚҚК Төрағадан және ИҚҚК-ның басқа мүшелерінен тұрады. Банктің ИҚҚК Төрағасы ИҚҚК барлық мүшелерінің келісімі бойынша сайланады немесе ИҚҚК мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен дауыс беру жолымен сайланады.

Төраға ИҚҚК жұмысын ұйымдастырады, ИҚҚК отырыстарына төрағалық етеді;

3) ИҚҚК басшысы мен мүшелері Қазақстан Республикасы уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға және Банктің ішкі нормативтік құжатында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасымен ИҚҚК функцияларына және құру тәртібіне басқа да талаптар белгіленуі мүмкін.».

Уәкілетті тұлға - _____

Күн тәртібінің № 8 мәселесі: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның 2026 жылғы 30 қыркүйекте аяқталатын тоғыз айдағы қызмет қорытындылары бойынша аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолу жүргізу, Банктің 2027–2028 жылдардағы тоқсандық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолу жасау және Банктің 2026–2028 жылдардағы қызмет қорытындылары бойынша қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау туралы»

Құрметті акционерлер!

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның қаржылық есептілігіне аудитті аудиторлық қызмет туралы заңнамаға сәйкес аудит жүргізуге құқылы және «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сай келетін аудиторлық ұйым жүзеге асыруға тиіс.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына, сондай-ақ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жарғысының 25-бабына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау мәселесі акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Аудиторды таңдау рәсімдерінің нәтижелері бойынша «Эрнст энд Янг» ЖШС «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ға 2026 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдағы қызмет қорытындылары бойынша қаржылық есептілікке шолу жүргізу, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның 2027–2028 жылдардағы тоқсандық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолу жүргізу және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның 2026–2028 жылдардағы қызмет қорытындылары бойынша қаржылық есептілігіне аудит жүргізу жөніндегі аудиторлық қызметтерді көрсету үшін аудиторлық ұйым ретінде таңдалды.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына «Эрнст энд Янг» ЖШС-ны «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның 2026 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдағы қызмет қорытындылары бойынша қаржылық есептілігіне шолу жүргізу, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның 2027–2028 жылдардағы тоқсандық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолу жүргізу және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның 2026–2028 жылдардағы қызмет қорытындылары бойынша қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйым ретінде айқындауды ұсынады.